

МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫ ЕЛДІҢ ТІЛЕГІН ТЫҢДАДЫ

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ ӨНІРЛЕРІНДЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫС, АУДАН, СОНЫҢ ІШІНДЕ ШАЛҒАЙДА ОРНАЛАСҚАН ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУЛЕРІ ӨТКІЗІЛУДЕ.

ОСЫ ОРАЙДА КЕШЕ АУДАНЫМЫЗҒА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТЫ АМАНҒАЛИ БЕРДАЛИН ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛДІ.



Кездесу жиынына аудан тұрғындары, қоғамдық кеңес мүшелері, аудандық мәслихат депутаттары, көп балалы аналар және мекеме басшылары қатысты. Онда аталған жиынды тізгіндеген аудан басшысы Асқар Қазыбаев алғашқы сөз кезегі Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Аманғали Бердалинға берді.

Аманғали Бисенбайұлы негізгі қызметі заң шығару қызметін жүзеге асыратындықтан оған бейжай қарауға болмайтындығын, сондықтан халықтың ұсынысын тыңдап, заңды күшіне енгізу керектігіне тоқталды. Жалпы Ақтөбе өңірінің тыныс-тіршілігін бес саусағындай білетін Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Аманғали Бердалин аудан тұрғындарын ашық сұхбат құруға шақырды.

Өрі қарай тұрғындар тарапынан қойылған сауалдар көп болды. Бірі саясатты сөз етсе, бірі ұсыныс-тілектерін білдірді. Ендеше жеке бастық қамын емес, ел-жұртымыз үшін өзекті деген сауалдардың бірегейіне кезек берейік. Соңғы жылдары ойылдықтардың ортақ мәселесіне айналған Ойыл өзенінің жайы болса, оны осы жиында аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Берік Бисекенов қозғады. Ортайған Ойылдың бүгінгі күйін жоғары билік өкілдеріне жеткізіп, өзеннің күйі кету қаупінің алдын алу жұмыстарын жандандырса деген ұсынысын айтты. Бұл



мәселеден хабардар екенін жеткізген Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Аманғали Бисенбайұлы қазіргі таңда Экология министрлігінен 4 миллиард 700 миллион теңге қаржы қаралып жатқандығынан мәлім етіп, алдымен Ойыл өзенін зерттеу жұмыстары жүргізілетінін атап өтті. Сондай-ақ, Ойыл өзенінің арна-

сын кеңейту, өзен арнасын тазалау, бұлақтардың көзін ашу сынды жұмыстар жүргізіледі-мыс. Келесі кезекте Тілеген Алданаев Қаңтар оқиғасына байланысты ойымен бөлісіп, саясат саңлақтары біраз сыға алды. Ал, Айсулу Мамбетова әйел адамдардың зейнеткерлікке шығу жасын төмендетуге ұсыныс білдірді. Өйткені ауыл

өмірінің ауыртпалығын арқалаған аналарымыз үшін 63 жастан зейнеткерлікке шығу деген өте ауыр екенін ашып айтты. Сондай-ақ кәсіпкерлер мен ауыл шаруашылығы төрағаларымен кездескен Аманғали Бердалин "Біздің бұл өңірге келгендегі басты мақсатымыз - халықтың мұң-мұқтаж-дықтарын тыңдау, ұсыныстарын жинау, Парламентте қаралып жатқан заңдарға байланысты өңір тұрғындарының пікірлерін білу. Мәселен, қазіргі таңда ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлерді, шаруаларды субсидия бөлу, инвестиция салу, техника алу, тағы басқа да мәселелер көп толғандырады", - деді.

P.S. Кездесу жиынынан кейін аудандық спорт көшеніне арнайы барған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Аманғали Бердалин ондағы спортпен шұғылданушы жастармен кездесіп, ұсыныс-тілектерін тыңдады. Тұғырлы додаларда топ жарып жүрген жастарға сәттілік

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУДАН ЖҰРТШЫЛЫҒЫН «1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІМЕН» ҚҰТТЫҚТАУЫ



Құрметті ойылдықтар!

Сіздерді көктемнің алғашқы күнімен тұспа-тұс келген «1 наурыз – Алғыс айту күнімен» шын жүректен құттықтаймын!

Талай уақыт қиындықты бастан өткерген қазақ халқы бейбіт күннің есігін айқара ашып, тәуелсіздікке қадам басқалы отыз жылдан астам уақыт болды. Өйткені Алғыс айту күні – барша қазақстандықтарға арналған, ұлттар бірлігін жаңа деңгейге көтеретін жалпыұлттық мереке. Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күнімен тұспа-тұс келетін мейрам ұлыстар достығын нығайта түсетініне сенімдіміз.

Қазіргі таңда елімізде 100-ден аса ұлттар өмір сүреді. Олар Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси, тарихи, мәдени дамуына өз үлестерін қосып келеді. Тарих тоғыстырған ұлттардың бекем бірлігі мен татулығы бүгінде Қазақстанның басты табыстарының бірі.

Қай кезеңде де қазақ халқы ұлт өкілдерін қанатының астына алып, қамқорлық көрсете білді. Бүгінде түрлі этнос өкілдері қазақ жерін мекен етіп, өз туған өлкесіндей қастерлейді. Ауызбірліктің нағыз үлгісін көрсетіп, ұлтымыздың дінін, ділін, тілін құрметтеп, мәдениетін, салт-дәстүрін, едет-ғұрпын қатаң сақтап, ұрпақтарына дөріптеуде.

Бірлігі бекем, татулығы тұрақты ауданда түрлі этнос өкілдері татутәтті өмір сүреді. Олар халқымыздың салт-дәстүрлерін, өздерінің ұлттық құндылықтарын дөріптеуде. Олар осындай егемен елде мемлекет саясатына қолдау білдіріп, өркез ризашылығын білдіруде. Қазақ халқының қонақжайлылығына алғыстарын жеткізуде.

Қадірменді ағайын!

Мөңгілік татулығымыз берекелі де, баянды, еліміздегі бірліктің көкжиегі кеңейе берсін. Баршамызға Алғыс айту күні құтты болсын! Береке-бірлігіміз берік, ырыс-ынтымағымыз нығая берсін! Ортақ шаңырағымыз – Қазақстан тыныштық пен татулықтың мөңгілік мекеніне айналыс!

Құрметпен, Ойыл ауданының әкімі
Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

Газетіміздің келесі саны,
4 наурыз жұма күні
жарыққа шығады.

ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ!

ӨТКЕН СЕНБІ КҮНІ «ШҰҒЫЛА» МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНА ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУІН ӨТКІЗДІ. АУДАН БАСШЫСЫНЫҢ 2021 ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖӘНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАНҒАН ЖОБАЛАР БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕП БЕРУ ЖИЫНЫНА ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ БҮЛБҮЛ ЕЛЕУСІНОВА, «ПАРАСАТ-ҒАЛЫМ» ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ҚОШКІНАЙ АХМЕТОВ, ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТЫ БАҚЫТЖАН ЖАНШАЕВА АРНАЙЫ ҚАТЫСТЫ. СОНДАЙ-АҚ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ МЕН МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ, АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ БОЛДЫ.



Еске салсақ, өткен жылғы есеп беру кездесулерде аудандық маңыздағы автокөлік жолдарына орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жобалау-металық құжаттары дайындалып, Ойыл ауылдық округінің Қаракерем, Ақшатау елді мекендері ұялы байла- ныспен қамтамасыз етіліп, 3 елді мекенде типтік үлгідегі жасанды-жамылғылы спорт алаңдары салы- нып, пайдалануға берілді. Аудан өкімі-

нің жасаған баяндамасына сәйкес өткен жылы ауылдарында асфальт атқарылған. Әсіресе, ауылшілік жолдардың асфальтталуы көңіл қуантады. Өйткені аудан орталығындағы көше-лер ғана емес, шалғай ауылдық округтердің де көшелеріне асфальт төселді. Бұл ауыл адамдарының мемлекеттің қолдауынан тысқары қалмайтындығының куәсі.

Өрі қарай аудан өкімінің есебінде айтылғандай бюджет саласына тоқ- талсақ, өнеркәсіп өнімдерінің көлемі өткен жылмен салыстырғанда 105,6 %, негізгі капиталға салынған инвес- тиция көлемі 174,2% өскен.

Аудан экономикасының нақты секторында жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізіліп, бюджеттік қаржы-лардың толық игерілуі қамтамасыз етіліп, Мемлекет басшысының алға қойған мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру аудан экономикасының ілгері дамуына оң септігін тигізді. Аудан экономикасының негізін құрай-

тын ауыл шаруашылығы саласында 4 түлкі мал саны артып, ағамасын жылы ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бағдарламалар мен мал басын өсіру мен мал тұқымын асылдандыру жөніндегі тапсырмалар толық орындалып, мал басы артып отыр. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласында өткен жылы Сарал- жын ауылдық округінде «Ербазы» ШҚ 70 бас сауын сиырма таяулары сүт фермасын ашып, Ойыл ауылдық округінде «Тұлпар» ШҚ-ы 17 бас аналық жылқымен қымыз өндірі. Бұл ауыл шаруашылығы саласында атқарылған жұмыстардың жарқын көрінісі. Өр салада жасалған жұмыстарға кеңірек тоқталған аудан өкімі Асқар Қайырғалиұлы кезекті есеп беру жиынында аудан тұрғындарына жан- жақты ақпарат берді. Сондай-ақ алдағы міндеттерін де мәлім етті.

Жыын үстінде тұрғындар тарапынан және де тікелей көрсетілім кезінде түскен сауалдарға кезек берсек:

Қараой ауылының тұрғыны Амангелді Темірмұқанов ауылға балалар ойын алаңын салуға және ауылдың жолын салу жұмыстарын жеделдетсе деген ұсынысын жеткізсе, Көптоғай ауыл-дық округіне қарасты Қарасу елді-мекенінің тұрғыны Базарбай Асыл-баев ауыл жастарына арнап шағын спорт алаңын салуды қолға алып, ауыз су мәселесін шешіп берулерін сұрады. Келесі кезекте, Қоғамдық кеңестің төрағасы, Ойыл селосының тұрғыны Берік Бисекенов көптің көкейінде жүрген, елдің ортақ про- блемасына айналған Ойыл өзенінің жайын жеткізіп, арнасынан ортайған өзенді қалпына келтіру жұмыстарына баса мән беруге үндеп, канадалық өдіспен салынып жатқан Көптоғайдың жолының сапасыздығын мәселе қылып қозғады. Әлеуметтік желіден аудан мен округ арасындағы қысқы қатынастың қиындығы, округ орта- лықтарына «Дипломмен - ауылға!» бағдарламасы арқылы жас маман- дардың үй алуы үшін жаңадан тұрғын үйлер салынса, сондай-ақ 2017 жылы салынған коммуналдық үйлердің құрылысы сын көтермей тұрғандығын айтып, жөндеу жұмыстары жүргізілсе деген ұсыныс-тілектер келіп түсті. Аудан басшысы айтылған ұсыныс тілектер ескерусіз қалмайтындығын жеткізіп, барлық сауалдарға толық- қанды жауап берді.

Келесі кезекте облыс өкімінің орын- басары Бұлбұл Ораққызы мінбеге шығып, өңірде атқарылып жатқан игі істерге қысқаша тоқталып өтті. «Біздің алдымызда тұрған міндет халықтың әл-ауқатын арттырып, халыққа қолайлы жағдай жасау. Қолжетімді ортаны қалыптастыру. Ауылдық елді мекендерді дамытуға кешенді түрде қарауымыз керек. Ойыл ауданы бойынша көптеген жобалық смета- лық құжаттары дайын. Оның ба- сым бөлігі республикалық бюджет- тен қолдау тауып отыр. Жаңа жылы үстінде қозғалған Ойыл өзенінің тартылуына байланысты қалпына келтіру мәселесі осы жерде ғана қозғалып отырған жоқ. Республика бойынша кешенді жоспар бар. Қазіргі таңда зерттеу жұмыстары жүргі- зілу үстінде»,- деді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ КЕҢЕС БЕРІЛДІ

ӨТКЕН АПТАДА АУДАНЫМЫЗҒА АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ЖАҚСЫҒАЛИ ИМАНҚҰЛОВ БАСТАҒАН АҚПАРАТТЫҚ-НАСИХАТТЫҚ ТОП КЕЛІП, АУДАНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛЕР МЕН ШАРАҒА ҚОЖАЛЫҚ ТӨРАҒАЛАРЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ. ТОП ҚҰРАМЫНДА КӘСІПКЕРЛІК, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ БАСҚАРМАЛАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫ МЕН ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ «АТАМЕКЕН» ПАЛАТАСЫНЫҢ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ БАНК ӨКІЛДЕРІ БАР.



Онда алдымен аудан өкімі Асқар Қазыбаев кәсіпкерлік саласы бойынша ауданда атқарылған жұмыстармен жүзеге асқан кәсіпкерлік жобалар жайында мәлімет берді. Негізінен, ауыл тұрғындары қайтарымсыз грант- тар, жеңілдетілген несиелеу, лизингтік техниканы сатып алу, субсидия мәсе- лелері жөнінде сұрақтарды көтерді. «Атамекен» кәсіпкерлік палатасының директорының орынбасары Жанайым Ербатырова қаржы мәселесі бойынша тоқталса, Ақтөбе облысы кәсіпкерлік басқармасының басшысы Нұрхан Тілеумұратов халықты кәсіппен айнал- лысуға бейімдеп, еліміздің эконо- микасын бірлесіп көтеруге шақырды. Расында тұрғындардың шағын және орта бизнеспен айналысуына ешқан- дай кедергі жоқ. Мұндай кәсіппен айналысамын деушілер болса, олар- ды қолдауға үкімет тарапынан мемле- кеттік бағдарламалар арқылы жеңіл- детілген несиелер беріледі. Бұл баг- дарламалардың барлығы кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған. Жыын үстінде жаңадан кәсіп ашқысы келетіндерге кеңестер беріліп, тұрғындар тарапы- нан облыстан келген арнайы маман- дарға қайтарымсыз несие яғни грант-

тар ұту, несиені өтеу үшін өнімнің айналымына түскенде демалыс уақы- тын узарту жөнінде толық түсіндіріп өтті. Облыстық ветеринария басқар- масының басшысы Құсайын Сарсем- бай облыс саласына ветеринариялық қызмет саласының жай-күйі және ветеринариялық-санитарлық бақы- лауды қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы баяндап, қазіргі ауылдық округтерде өршіп тұрған мал ауруының алдын алу туралы ветеринариялық іс-шаралар бойынша ақпарат берді. Сырғалау, қан алғанда малдың жасын, жыны- сын, түсін нақты айтып, дерекқорға енгізу керектігін жеткізіп, жұқпалы ренотрохит ауруы бойынша кеңірек мәлімет берді. Бұл ауру адамға қауіпті емес. Күйіс қайыратын мал- дарда кездеседі. Сондықтан малға вакцина егу жөнінде де толық түсін- дірді. Сонымен қатар, тұрғындардың сауалына толық жауаптар берген соң, жыын соңында азаматтарды толғандырған мәселелері бойынша жеке қабылдау өткізді.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ЖЕМІСІ

Сот төрелігін жүзеге асыру, сот ісін жүргізудің ашықтығына қол жеткізу бойынша жұмыстарды оңтайландырудың перспективалық бағыттарының бірі - ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану.

Қазіргі таңда жаңа технологиялар арқылы ақпаратқа қол жеткізу оңтайланды. Соның ішінде сот жүйесіне енгізілген жаңа технология қарапайым халық үшін және сот жүйесінің жұмысы үшін оң нәтижесін беруде. Яғни, азматтардың талап арыздары бойынша немесе әкімшілік, қылмыстық іс бойынша іске қатысушы тараптар сотқа келмей-ақ, «Whats App», «True-Conf» мобилді қосымшалары арқылы үйден шықпай-ақ сот мәжілістеріне қатыса алады.

Сонымен қатар кез-келген сотқа талаппен жүгінгісі келетін азаматтармен заңды тұлғалар интернет желісінен «Сот кабинеті» сервисін таңдау арқылы сот кеңсесіне бармайақ өзінің жұмыс орынында, немесе үйінде отырып ақ талап арызын бере алады. Осы аталғансот жүйесіне енгізілген ақпараттық технология шалғадай тұратын азаматтармен заңды тұлғалардың қаржыларын және уақыттарын тиімді пайдалануына мүмкіндік беріп, әрі тәуліктің көз келген уақы-



тында қажетті сот құжаттарымен, істің тарихымен, деректермен танысып, сот актісін басып шығаруына мүмкіншілік беріп отыр.

Тағы да айта кететін жаңалық сот жүйесіне енгізілген ақпараттық технологиялардың бірі – сотқа шақыру мәселесі. Нақты айтқанда, азаматтар мен заңды тұлғаларға қолайлы жағдай туғызу мақсатында соттарда SMS хабарламаны тараптардың ұялы

телефондарына жолдап, сотқа шақыру процесі әлдеқайда жеңілдеді.

Сот жүйесі үшін бұл-сот төрелігін іске асыру үдірісін жеңілдету, сот ісін жүргізуді оңтайландыру және автоматтандыру, ақпараттық технологияларды дамыту, бюджет қаражатын үнемдеу болып отыр.

С.ШАЙМАҚОВА,
Ойыл аудандық сотының бас маманы.

(жалғасы, басы өткен санда) Айзәпн КЕМЕЛБАЕВА.

Жылқышы шал басы салбырап, ұзақ үнсіз отырып қалды. Іштегі шерін, асқан құпиясын ақтаруға баптайтын сияқты.

— Он үште отау иесі деген. Ер жетуге аз қалғанда, құдай кішкеш бір кепке ұшырап, өлімг келді. Кісіге айтуға арпаланатын қорқау сөз еді. Құлдық кепілеті ұрмасын деп мына саған айтпасақ еш амал жоқ. Төңірінің бұйрығы айтқызып тұрғанын қара. Түрікпендер бір күні қатын-қыздарымызға қарап қояды деп мені ата мал сияқты, қошқардайын тарттырып жіберді. Содан бергіде Азбаңқұлым!

Жылқышы шалдың иегі кемсеңдеп кеткенін көрген сәтте, бала аң ұрып, оны арқасынан құшақтап алды.

— Келісті бозбалал болып өсіп келе жатқанын қаралы құсаға ұласты. Не ер емес, не қатын емес, арадан шықтым, тірі өлікке айналдым. Баяғыда отқа табынып, маздаатып шырақ жағатын бір елдің өміріш, бектері сарайында шырайлы күндер ұстайды, сол сұлу күндерін бақтыруға еректіктен айырған басыбайлы қарауыл өтек ұстайды деп естуші едік. Түрікпен парсыға бізден гөрі бір табан жақын жатқан ел, сынықтан басқаның бөрі жуғады, сұмпайы зорлықты жұқтырған көрінеді.

Ең қиямет тұсын айтқаннан соң жалшы шал біртүрлі жеңілденгендей, жаншылған қалпынан арылып, дауысы қайта өзгерді.

— Құлдан да бір сөз дейді қазақ, — Жылқышы енді айтат шеге сөйледі. — Бұқаға туған күн бұзауға туады. Бұқаны өгіз, айғырды ат, бураны атан қылу заты құдай қараған запыран зорлық, жаратылысқа қиянаттың көкесі. Қарағдай болсан да көзіндегі соқ үрейді көрген соң түңіліп, сырқысыз сұм кепті баян қылдым. Естіген құлақта жазық жоқ, Бекіту үшін айттым. Мен ағма, өзінді ойла. Құлақ естігенді көз көрер. Қорықсаң құдайдың көрінен, мына мен ұшыраған ықтиярсыз зауалдан қорық.

— Жылқышы ата, қашуын қашармын, бірақ мен қайтар жолды анық білмеймін. Әмудариядан өте алмасам өлдім ғой. Жау қолына қайта түссем, осы күніме зар болып, озаңдап қалармын.

— Мен шешекемнен ноғай-қазақ болып туғаным рс болса, байекемнің бөйгеге түсер құнынан нағыз құмай, қаракек тұқым, аузымен соқ тістейді. Мен баққан тұлпардан бір кінерат табылар.

Жылқышы шалдың үні сенімді шыққаны сонша, бала үңіліп, оның бетіне қарады. Оның езу тартып күлгенін алғаш көрді.

— Ұлым, ат арқасында тіп-тік тұзу отырғаныңды талай мәрте байқадым. Шап айылып қатты тартып мін. Аттан түскенде босатып отыр. Түп баласы ақ маяның жолына қарап жүресің. Темірқазықтан жаңылма, ұзақ сапарда бағдарың сол.

— Жылқышы ата, қамаяның жолы қайда? — деп елең етті бала.

— Текежөуміт соқ жолын солай атайды. Ойсылқара түлігі түйені бір тұтқан көшпелі тайпа болған соң құмға төзімді малды қастерлейді. Оныз бабамның түп ұрпағы ғой. Оныз бен қыпшақ тайталақан, оңызды қыпшақ еңсерген, ел еңіреген жерлер, өне.

— Жылқышы ата, күндіз тығылып жатсам, қуғыншылар ұзатпай, ұстап алмай ма?

— Кезеуілші жау іздеген жасақтар кездесуі мүмкін. Әуелі жаратқан құдай, сосын әулиеге, түр Бекетке сыйынып, тарта бер. Сайтаңдай сап етіп, айшылық жерден торағуыт құба қалмақ жортуылдайтыны болады. Сол жоңғар-ойратқа ұрғаннанан сақтағай! Хиуа өміріне бағынған қарақалпақ жолқыса, бір ноғайдың несілі. Мүйткен бие ұрпағымын деп айт. Аузына түскен бір қазақ рудың атын айта бер, албан, найман, қоңырат, керей, кердері, табын, үйсін аққойлы, ысты қарақойлы, жалайыр, жетіру, ашамайлы, қанжығалы, шанышқылы, тарақты, бессары, қыпшақтың де мейлі, қарақалпаққа бөтен болмай шығасың.

Жылқы әулиге, әулиеге тапсырды! Есті жануар ғой, құла түзде жалғыз-бын деме, серік болады. Құладың ұшпас шөлден өтесін, араннан бетер көрінер. Өлмеген құлга несібе мол екенін білгенде, құдайыңа құлшылық қылуды үйренесің әлі. Түрікпен байдың мың жылқысын бағып, мұнда қой-құмыз қала берсең, онда тірі емес, әлі санатыңдасың.

Жылқышы шал бие саууға түйе мойнақ ыдысты ұстап сыртқа шығып кетті, бие байласа алабай іттер несін қорғаштап бір бұйрде жатады. Кенжебек шал бие сауғанда жылқымен күбірлеп тілдесетінін байқаған. Қыпшақ ауылда биені кілен ерлер сауатын.

Кенжебек кимешегінің жиегіне зер

жүгірткен үлкен шешесі тегенеге құйып, қайың ожаумен бал қымызды ағаштан ойылған тостағандарға толтыра құяр мезетін көз алдына елестеткені сол, көзінен бір тамшы жас ыршып түсті. Шіркін, апасының көк бешлентінің өңіріне бетін бір басып, иісін иіскер күн туса!

Тасқұл үйірілі биені сауып болған соң, сүтін сабаға толтырды. Кенжебекті ертіп құмға бет алды. Бөйгеге батпаған соқ жүйрікті жетекке алды. Бала жон арқасымен сырт көзден именіп барады. Түрікпендер мұның түп ойын арқасынан оқып қоярдай қуыстанды. Бірақ ешкім бұл екеуін қалт жібермей қадағаламайды. Өйткені алпыс жылда жылқышы түрікпен болып, бұларға өбден сіңіп кеткен. Барар жер, басар тауы жоқ, от жаққан жері жоқ тексіз құл санайды, осы елдің бір шерлі жетімдей көреді.

Қазақ шал жал-жал құмға жылқыны аунатты. Бала жылқыны атасынан көркенін істеді. Шөлейтте ескен теке түрікпен жылқыны суға шомылдырмай, құмға аунатады. Құм судан бетер қапысыз тазалайды екен, жылқы түгі жылтырап кеткенде Кенжебек қайран қалды. Бейнетқор атасы мал жайынан білмейтін жер астында.

Кенжебек бала ата ақылымен күндегі екі кесек таба нанды жемей кептіріп, жолазыққа дайындаған. Тобарси кепкен майлы құртты бір дорбаға салды. Шал оған құмдақта аңқаңды аңызқа кептіріп, өлердей шөлдесек тандайына салып, құрт сор, атыңа азыққа қойдың шікі құйрығын кесіп, бір тілімнен бер деп үйретті.

Өзге ел таң ұйқысын өлсе қимас өлара шақта тірлік қылатын жылқышы шал өзі бағатын көкбұрыл тұлпардың құйрығынан қыл суырып, бір талымен көзге көрінбес қылып, тілінің түп жағынан байлап тастаған. Кенжебек көкбұрыл жылқы қыл оттықтағы жемнен, судан қалып, бабында жаратылмасын айтпай-ақ ұқты, жылқышы сыбырлап, оған не істегенін айтты.

— Қарағым, Кенжебек, бөйгеге өзің баққан жүйрікпен шап, саған өбден үйренді, іісіңді алды. Тілерсегіне қарашы, кесіле шапса жаңылмас, омырауы даладай емес пе, өкпесі өшпейді. Жол азығыңды, қой құйрығын сырт көзге көрінбейтін қылып сал. Ат айдаушы секем алып, бұл не деп сұраса, аттың жемі дерсің. Тұсау жіпті ұымтыла. Бөйге айналма болатын болды, оңайға соқпайды. Ат тізігін ердің басына үш орап ал. Үш айналғанша, тізігді жіберме, ат тері шықпаса булығы қалады. Төртінші айналғанда ердің басынан бір орамын ағыт. Бөйгені қызықтаған бұқара ел бар. Сол түрікпен ішінде кімдер бар да, кімдер жоқ. Халық алдында дағарадай бөріктің қоқырайып, қаздай тізілген ақсүйек текежөуміт бектері, бай-мырзасы отырады. Дөл сол тұсқа келгенде, атаң қыпшақтың ұранын айқайлап, қиқу салып өт!

— Ойбас! Ойбас! — деп қатты дауыстап жіберді қаршадай бала көзі шоқтай жанып.

Жылқышы көзі шырадай жанды. Түрікпенқұл атанып, жалт қалыңықта құмыры өткен көп бір сәтте қайтқандай өңі нұрланып, арқасы босап сала берді.

— Бес күн жалғанда ешкімнен қаймықпай, ақ алмастай жарқылдап өткен азат ерлерге бас иемін. Бөк дүние мені менсінбеді, түтінім болмаған жоқ, бөк дүниені мен алмадым. Кенжебек, шырағым, мынау жас күнімде елсізде адасқан дөрүйш жырыға тігізген септігі үшін риза пейілмен жомарттық жасаған түрікпен бегінен алған ерекше құнды тартуым еді. Қаңғыбас жыршы тірі жанға қылдай зияны жоқ, ел сүйетін арқапы ақын екен. Диуаналықпен ел адақтап, хисса-жыр айтып жүргенде шөлде қаңғып өлесің ғой дегенімде, мен Керөплымнен, дөрүйштің пірі Қожа Хафизден нем артық деген сөзі ойымда. Мойнағы кіміспен күтпелген тобылғы қамшы енді сенкі.

Жылқышы шал ата салтымен бала елге аман жетсін деп Кенжебектің қолына күмістелген қамшы ұстатты. Қосқа кіргіздіп, бір итіне ырымдап, тоқым жауып қойды.

— Дыбысың шыққан соң, атыңның басын бұрып, бір құдайға сыйынып, мен сілтеген Темірқазық тұсы қайда-сың деп қасқая тарта бер.

Бөйгеге отыз ат тігілді. Кілең таңдаулы жүйріктің үстінде бір-бір бөйге бала, тұрымтайдай жеті жасар, он жасар арасы, барлығы ұшар құстай қомданып отыр. Аттылы болудың бағын айт. Кенжебекке ерді жылқышы шал жеке ағашын жасап берген.

Атшабар бөйгедө теке Атажан байдың тұлпары астында, Кенжебек азат басына қыпшылбыр түскен соңғы жыл он екі ай жігерін құм қылған бір батпандай кесіс ойдан айнып сала берді.

ШАШТЫ (әңгіме)

Желге мінгендей жүрегі атқақтап, жанын желік буып барады. Өмір мен өлім деген не тәйірі! Ат үстінде арқы-рапті өліп кетсе өкінесі! Тұяғы жалпақ түрікпен жылқысы мұның қас-қағым сәтте аруағын асырып жіберді. Ол шауып бара жатқанда ауық-ауық қас тұлпардың үстінде қозғалақтай, қопандай, құйрығы көтеріліп қоқтынын көргенде Атажан бек масайрай түсті.

Алалы жылқы айдаған оғыздың ұрпағы емес пе! Жылқы жайын қазақтан артық кім білер, мына шабандоз бала ат беліне титтей салмағын түсірмесе, бұйырса, бөйгенің алдын бермейді.

Төртінші айналымда Кенжебек күбірлеп сыйындай: «Я Төңірім жар бол, аруақ қолдай гөр! Бұл өңім бе, түсіім бе?! Текежөуміт тұлпармы, жануарым, құмайым, атаң суын», анаң сүттей боз бие шығар, жылқыда өт көк, қанат бітіп, құстай үш!»

— Ойбас! Ойбас!

Қыпшақ ұлдың дауысы күн күркіреп, аспан қарс айрылғаннан бетер дүім елді селк еткізген. Ізінше өліп өткен үн жарық дүниеге жарықшақ түсіріп, астан-кестен, алып-түлей қылды. Тек көр ішінен арзу қылып, дұға айтқан қазақ шалға Кенжебектің жас дауысы алғыс естілген. Түрікпендер қым-қуыт шұлап қоз бөрді. Бөйгеге шапқанда қыпшақ несілі қалған жырма тоғыз оңыз баладан еш айырмашылығы жоқ еді. Ұран салған соң қаршығдай үл басындағы жалбыр бөрікін жұлып алып, жерге тақтырды. Бөрік ішінен басына ақ шүберекті маңдайын баса орап алпыты. Адаймен көзі шайбасысын текежөуміттің ызалы көзіне өлгі орамал адайдың ақ туындай елестеп кетті.

Қыпшақ үл ат басын бұрып, шеңберден шығып, өліне баратын тұсқа нысаналай, жұлдыздай ағып барады. Үстіндегі бала қаңбақтай болған соң құнан жылқы қиналмай, қолтығын жаза құстай ұшады.

Кенет қашқан баланың көзіне анадайдан күн сөулесінен жауғатты жарқыраған дөңгелек бір зат түскені. Кенжебек ат бауырынан сыпырылып құлап түсердей кілт еңкейіп, жерден бірдене ілгенде жылқышы шалдың қырағы кезі ұясынан шығардай, алақтап кетті. Ол айдаладан іліп алған керемет затын қойнына салды, шабысын қайта түздеі.

Ат жарыс адыра қалды. Ат жарыстан соқ тойлы ел ит тастаырмақ еді. Ересек түрікпен көбі атқа қонып, шығандап кеткен қашқынды жалпай, жабыла қуып берді. Ә дегеннен ұшқыр шабатын аттар жақын, жанай келді. Жүрегі су етсе несі бар. Кенжебек бауыр басқан жылқышы атасын қимай егіліп барады. Қоштасарда оның: «Мен көрім деп ешкімге айтушы болма. Мен бір желге ұшқан қаңбақ, солған тамырмын. Өсемс обал жоқ, өлсем, Балқан тауда сүйеміз қалады», — дегенін еске алып, жүрегі қан жыды.

Кетерінде бұл: «Жылқышы ата, түзіп-өскен жеріңді айт, туыстарыңыз іздестрейік, қаңды ішінде кім болады? Кіші атаң кім?», — десе, шал басын шайқады. «Ежелден біздің қазақ несілің жалпақ тіл қаңлы, қыпшақ атайды. Руым мөсірлеп құл жасырады. Темігді білмей, теріс бағып тұрғамын жоқ, құлдықтан бетер бейдауа қорлықтың күйігі басқа түскенін білесің. Жеті атамды білемін, ел көзіне тура қарар бет болмаған соң тексізден нем артық?!» — деп шырқыңа. Ол сүйекке масқара таңба түсті деп қорланған соң атасын жасыруға мәжбүр. «Бұрын періштелер мені ығли өліге санап кететін. Расымен тірі өлік едім. Атаңа нәлет кү тірлік. Жыланды үш кесе кесірткедей өлі бар. Тірілігімнің ендігі мұраты бір сенің елге аман-есен жеткенін. Сонда мына мен өлінерде артыма басқан ізім, кіндігімнен жаралып, бел балам болмаса да азат рухым, мұрагерім, атустарым қалды деп білемін».

Баланың көзінен жас парлады, жанашыр атасын енді қайтп көрмейді-ау. Түйе шекпен жанбыр өткізбейді деп жылқышы шал шегелей айтқанын жадына мықтап тұтты.

Дария тасығандай, сел ағызғандай сұрапыл қой кешті. Өттен, қапы дүние!

Қас жүйрік қыпшақ ұлдың қатымында кеткенде түрікпендер жер сабалап қалды. Ер қанаты аты өлсе, адамнан көм көрмей, көр қазып жерлейтін; ең асыл тұқымның жалын тірі жанға сипатпай, ерен құпия сақтайтын; қисапсыз қазынаға айырбастамас, антқа берік текежөуміт, ата мал айыры өлсе сатпайтын; астындағы атын жанынан, қойындағы қатынын нан артық көретін; айтулы батырлары ұрыста өлген атының басын ардақтап

МАЛ ҰРЛЫҒЫН БІРГЕ ТОҚТАТАЙЫҚ!

Қазір мал ұрлығының өзекті болып тұрған шағы. Өрине, «жауыр» болған тақырып екені белгілі ғой. Бірақ, әлі күнге дейін неге тыйылмай жүр? – деген сауал санада сайрап тұр. Мал ұрлығы көбіне мал иесінің салғырттығынан орын алады. Иесіз жүрген малды сойып алып кететін жағдайлар көп. Ұрлық тіркеліп, кейін далалық жерден табылған дерек те кездескен екен. Яғни мұның барлығы мал бағудың қалыпты түрде ұйымдастырылмауы. Малды қараусыз жайылымға жіберудің салдары. Аз ауданда осы өзекті мәселе күн төртбітен түскен емес. Мәселен, жақында елді мекендерде өкімдердің есеп беру жиындарында тұрғындары арасында мал ұрлығына қатысты мәселелер талпыланып, аудан өкімінің қатысуымен жиын өткен болатын. Өрине, ауылдарда мал бағуды ұйымдастыру осы күнге дейін айтылып келеді.

- Аудан көлемінде мал ұрлығын алдын алуда бөлімде жыл басынан іс-жоспар жасалып, ҚР ІІМ-нің бөтен мүлікті қорғау жөнінде 2021-2023 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру мақсатында мал ұрлығын

болдырмауға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылуда. Жеке малды бақташыға бақтырып, мал бағуды ұйымдастыруға, оларды таңбалау, ен-салу, паспорттау қажет екенін түсіндіру үшін барлық ұчаскелік полиция инспекторларына нақты тапсырмалар берілді. Бұл жұмыстардың орындалуы күнделікті бақылауда тұр. ПБ-не тіркелген әрбір мал ұрлығы дерегі толыққанды талданады. Нәтижесінде қылмыстың басым бөлігі түннің екінші жартысында сонымен қатар, өрісте бағусыз жүрген жерінде орын алады екен. Осы арада, бөлімнің қызметкерлері түнгі мезгілде кезекшілікке шығарылып, арнайы рейдтер ұйымдастырылуда. Мал таситын автокөліктер мен мал саудасымен айналысатын азаматтарды тексеру барысында малдарды құжатсыз тасығаны үшін азаматтарға ҚР ӘҚБтҚ-нің 406 бабына сәйес өкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып, айыппұлдар салынып, шаралары алынады.

Бүгінде мал ұрлығы агроөнер-кәсіптік кешеннің дамуына кері әсерін тигізіп, ауыл тұрғындарын алаңдатып

отыр. Сондықтан, Мемлекет басшысының тапсырмасына сай ІІМ-де заң жобасы жасалды. Аталған заңға сәйкес мал ұрлығына қатысты қылмысқа қатаң жаза қарастырылған. Тіпті ондай қадамға барған адам бұдан былай 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы кесілуі өбден мүмкін.

Сонымен қатар, ҚР ІІМ-нің нұсқауымен белгіленген айлар аралығында аудандық полиция бөлімінің жеке құрамымен мал ұрлығын алдын-алу бағытында «Мал ұрысы» «Соғым» атты іс-шаралар өтіп тұрады.

Бұл ұрлықпен күресу барысында жалғыз құқық қорғау органдарының жұмысы жеткіліксіз. Тұрғындар өз малының қауіпсіздігіне бей-жай қарамауы керек. Ал мал ұрлығын алдын-алудың бір тетігі – мал бағуды ұйымдастыру. Өрі малды сығралау, таңбалау, тіркеу сынды мәселені қолға алған жөн болар.

Дархан ҒАЛЫМЖАН,
Ойыл аудандық полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары, полиция ойыры.

Жер төсін терсердей дүрсіл бөсеңдеп, аспан мен жерді шаңға көміп, маң далада қыпшақпен бірге көшетін жабайы құлан үйрі түрікпенді шын бөгеді. Қалтқан бір суырды көргенде Кенжебек астындағы құнанын обалсынып, шабысын тежеуге мәжбүр болды.

Жылқышы ата құлағына құя берген сөзі көкейінде сайрап тұр: «Тұлпарың шаршамайды, нысаналы жас мал, көктей жүйрік, талмай шаба береді, бірақ сақ бол. Зорығып кетіп, мұрнынан қан кетіп құласа, сол жерде тұяқ серіппей, жан тәсілім етті дей бер».

Кенжебек еңкейіп, бас сүйегін терімен қаптап қойғандай қазмойын атының тер мен тұяқтан ұшқан қою шан көміп, үйлеген екі көзін жаңқалтадағы орамалымен сүртті. Тұлпарына ерік беріп, басын боз жіберді. Төңіріге, әулиеге алғыс жаудырды. Жылқы тектес тұз тұқымын жанын аманат қылып, қатерден безген қарға бойлы балаға құтқару үшін жіберген! Жепкілден ту көтеріп шыққан қыруар ескерден, ұлы қорғаннан үдере көшкен мың тұяқ тағының несі кем болды?!

Бір бабасы Құлан қыпшақ еді, оның құлан қағына жөргектеліп тұғаны туралы аңыз тегін болмады. О, құдайа, тағдырға сызылған бұл бір іс болды, адам айтса нанғысыз. Құлан қыпшақта ел қорғаған көзсіз батырлар көп деуші еді. Теңіз айрықта бағызда қыпшақтың елбөрілі руы жаулаушы монғол қолымен шайқаста өліспей беріспей, қаза тапқан. Жұлдыздай қыпшақтың бұрынғы өткенінің өлген аруағы ма екен, елес боп көзге көрінген? Бұл тылсымға бала сенер-сенбесін білмеді. Біреу айтса, өй, еш сенбес еді.

Сырдарияның батысын орап жатқан Қызылқұмнан өту қылкөпірден өтуден кем түспейді. Бөрілі арқылы өтіп барады. Қашқанда екі соққан алды кідіруге, көз ақы алып, іліп өктуге мәжбүр өткен гауһардай жарқыраған затты қойнынан алып қараса, қала жиекті алақандай қол айна екен. Күн нұрымен шағылысып, алтындай жарқыраған айна керуен тартқан сарт саудашыдан түсіп қалған-ау. Бала түк түсінебі риясыз құлді.

Кенжебек жылқышы ата ақылын мұқият айтпа алумен суыт жүре берді. «Біреулер көрстанда өлік қойып жатпаса, жолда кездескен мүкілген, мүлген моладан қашпа. Саған қастық қылғанды көк соқсын деп қарғадым. Жолда бейіт кездессе, әулие деп ұқ. Төңірі жарылқасын! Сен мынау ұлы даланы билеген қыпшақтан тудың. Аруақ қонып, киік көшкен айтыр қалды далада құдай сақтайтын десе сақтайды. Қашқанда екі көзің алдыңда, екі көзің артыңда болсын. Жеті қараңғыда, балам, иен түзде сөйліші жын-сайтан жүреді, үйірімен пері көшеді. Бөгде кейліне еніп, құбылып кездесуі мүмкін, бастан кешкенмін. Жалғыз-жарым жолашуың бейбақа қауып-қатер аз емес. Шибөрідей торуылдайтын үрейді құмсақшымен қу, саспа. Шибөрі дауысы қиямет, адам сияқты, бірде сайтанша күліп, бірде бақ етіп жылайды. Қатты шошыған сәтінде күбірлеп дұға оқи бер, түнде тұсаулы жылқыға жақын ұйықта. Тіпсіз демесең жылқыда мін болмайды, ес болады. Жолда арқан тасқан, соны шеңберлеп ұйықта, бұйы, жылан шақпайды».

Бала бері құрсақ айшылық алыс жолда жападан жалғыз жортты. Кү медиенде басына соқ қонбаған бал-бал тастар кезіксе, үміті маздайды. Шаң аралас боран соқса, ат басын жабумен орады. Алып шыққан ер азығы үш күнде таусылды. Құрғақ ауа шаңдаққа өбден болдырған аты шөлге шыдакса екен. Кенжебек көк суды ылғи түсінде көріп, ерні кезеріп, жаны аңсады. Айдың көлдер мен ағын өзегне дүниеде не жетер. Шіркін, көк су, көк су! Ең тұщы, мөлдір суды шөл қаңғанша ішсе фөниде арманы болар ма!

Жылқысына есімдіктен андыз, изен, жусан азық. Жылға тапқанда, бала өзі қаталап өліп бара жатса да, әуелі тұлпарына аз ғана су ішкізді. Жылқышы ата балаға шөл қысқанда жылқыға суды көп ішкізбе, бұл тұқымы төзімді мал, аз суға шөлі қанатты, аз-аздан бөліп суғар деп үйретіп қойған.

Жылқышы қосына құдай айдап кез қылды, тірі жан жоқ, иен екен, аспа ілмек мосыда қақпағын ашса бір қазан ет пісіп тұр. Кенжебек бұл қостың иесі қоңырат руының жылқышылары екенін ұқты, төсеулі жылқы терісінің таңбасын көрді. Көк Төңірі түрікті жаратқалы жылқышы қосында өткен-кеткен жүрпінші жүрек жалпап, тойып ас ішуі үшін ылғи ет асулы тұруы бұлжымас дала зәрте екенін біледі. Ілулі тұрған ескі бөрте бөрікті басына рұқсатсыз кімі кетті, әуелі қоржын жамылып жүрді, аптаптан қорғайды.

Ісі хош аңқыған Сыр бойында қара үйде өгіп өгіп отырған он түтін қарақалпақтан ас ішіп, қоржын толтыра

азық алып, тіке аттанды. Киік, қарақұйрық аулауға арқасында асынған көн садағы жоқ. Ордалы киік, бөкен шұбап жүреді. Елге тақағанда қамысты айна көлдер көбейді. Тек қаранор маса жабылып, шыбын-шіркей қанын сорды.

Құмдауыттан сарала қаздың іңгесі салған ұясын т

АҚИҚАТ АСУЫНАН - ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНҒА...

Әйгілі арабтың ұлы ғұламасы Әбу Әли әл-Хайсам «Ақиқат сол ақиқат-тың өзі үшін ізделеді. Ақиқатты іздеу қиын және оған апарар сүрлеу салынбаған» - деген екен. Қасым-Жомарт Кемелұлының өр парасатты пайымының артында АҚИҚАТҚА жету ұстанымы тұр. Біз, қоршаған ортаны, қоғамдағы ерекеттерді, орын алған оқиғаларды тануда ШЫНДЫҚТЫҢ өресінен аспай жатамыз... Олай десек, өркімнің өз шындығы бар..! Бұдан шығатын қорытынды: «шындық көп, ақиқат жалғыз!» Президент бүгінгі берген сұхбатында кешегі «Қаңтар қасіретінің» ақиқатына жетуде салқам сабырлылықтың керек екенін баса айтты. Сұхбатты жүргізген Жайна Сламбек қазір көпшіліктің көкейінде

ЕЛ БАСҚАРУ ЕСІК АЛДЫН СЫПЫРУ ЕМЕС!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстан» арнасының тілшісі Жайна Сламбекке берген сұқбатын бір түгіл екі рет қарап-тыңдадым. Алғашында ұлттық арнадан одан кейін «Астана» арнасынан. Көңілде жүрген көп сұрақтарға жауап алдым. Бұған дейін жауабы нақтыланбаған біраз жайлардың басы ашылғандай (өзім үшін), Президенттің пайымды шешімдері, сабырлы әрекеттері көңіліме қонады. Қырқына шыдап, қырық біріне шыдамай, орынсыз асығыстық таныту абырой өкеледі деп ойламаймын. Ең бастысы, халық екіге жарылмай, бір жұдырықтай жұмылып, тағдырымызды бір Төңірге, одан кейін президентке аманат етуіміз керек деген шешімге келдім. Бұл - ел тағдырын билікке тапсырып қойып, берсең құдай жатқанға бер деп, екі аяқты аспанға көтеріп жату деген сөз емес. Қазақ ұзақ үйқысынан оянды. Жанданды. Енді ең алдымен пейілді тазартып, сенім мен үміттің шырағын маздату маңызды. Одан кейін өркім өз

көріктей қызып тұрған сауалдарды Президентке бүкпесіз жеткізді. Мемлекет басшысы осы сауалдар төңірегінде нық өрі, дипломатиялық мәнде, тағы да сол АҚИҚАТ тұрғысынан жауап берді. Ол өз сөзінде «Еліміздің тәуелсіздігі бөрінен қымбат. Бұл аксиома. АҚИҚАТ. Оны көздің қарашығындай сақтау ортақ парызымыз» - деп тұжырымды ой айтты. «Ұлтқа қызмет қылу- мінезден» деп, Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейханов айтпақшы мен Президентімнен осы МІНЕЗДІ көрем.

Еркін ЖИЕНАЛИН, «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, мәслихат депутаты.

қолынан келген істі жауапкершілікпен атқарғаны абзал. Өсекке еріп, жел сөзге елітудің қажеті жоқ. Бөрімізге бірдей «саясаткер» болудың да пайдасынан зияны басым. Саясатты сараптау сары қымыз сапыру емес. Ел басқару есік алдын сыпыру емес. Еліміздің географиясы да, демографиясы да күрделі. Сыбайласқан жемқорлықты да түбегейлі жоя алмай отырғанымыз да жасырын емес. Ескі жүйенің майшөлпегінен ажырағысы келмей қасқия қасарысып, іштен шалып тұрған қалталы қасқырлардың көзге көрінбейтін жымысқы ерекеттері тағы бар. Коронавирустың ылаңы өз алдына бір төбе. Экономикасы мен әлеуеті төрт аяғынан тең тұралап, рухы қалқыраған қоғамды деп бүгінгі жағдайдан аман алып шығып, қазақтың зарығып жеткен тәуелсіздігіне қылау түсірместен аман сақтап қалу үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа халықтың қолдауы ауадай қажет.

С.ХАМЗИН, Ойыл селосы.

«МАСЫЛДЫҚ» ҰРАНЫНАН АРЫЛУЫМЫЗ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Qazaqstan» телеарнасында эксклюзивті сұхбаты көрсетілді. Онда Президент қаңтар оқиғасының себеп-салдары мен алдағы уақытта жүзеге асырылатын саяси және әлеуметтік реформаларға қатысты жауап берді. Сондай-ақ Қазақстанның сыртқы саясаттағы стратегиялық серіктестерімен қарым-қатынастары жөнінде сөз қозғады. Мемлекет басшысының сұхбатында «Ұлтымыз дүниежүзінде ең алдымен еңбекқор, жұмысқа адал ұлт ретінде мойындалатын болса, бұл экономикамызға оң әсер етеді. Масылдықтан, жалқаулықтан алшақ болуымыз керек. Сонда ғана жаңа Қазақстан тұжырымдамасы іске асады. Меніңше, біз бұрын үлкен идеологиялық қателік жібердік. Шетелге, Орта Азиядан Ресейге кеткен жұмысшыларға қара жұмыс істеуге мәжбүр болды деп күле қарадық. Ал бізде бірде-бір қазақ шетелде қара жұмыс істемейді, жайбарақат жүріміз деп қатты мақтандық. Кез келген еңбекті жоғары бағалау қажет. Біздікілер еңбек бөсекесіне шыдай алмайтын болды», - деді. Біздің қазіргі қоғамымыздағы «масылдық» ұранынан арылуымыз қажет. Әр азамат еңбек етуге талпынса, барлық жағдай жасалып жатыр қазір. Пәтер туралы, еңбек, жұмыс орны туралы, барлық жағдай жасалған. Кәсіп жасауға жағдай беріп жатыр. Қанша мүмкіншіліктер беріп жатыр. Енді осының бөрін қазіргі жастар пайдалану керек. «Еңбек, еңбектің түбі зейнет» деген. Кім еңбек етсе, кім адал еңбек етсе, сол жақсы өмір сүреді. Бір Тудың астына бірігіп, масылдықсыз «Жаңа Қазақстанды» бірге құрайық.

Ақбота ТАЛФАТҚЫЗЫ, Бөлсенді жас.

ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫ ЖЕҢІЛДЕДІ

ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі — Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитар дәрігері Айжан Есмағамбетова елдегі шектеу шараларының қалай жеңілдегенін түсіндірді, деп хабарлайды ҚазАқпарат. «Қазіргі эпидемиологиялық жағдайға қарай отырып, елдегі шектеу шаралары жеңілдетілді. Оның ішінде бизнес туралы және халық туралы шараларды ерекше айтуға болады. Бизнеске қатысты шараларға келсек, жасыл және сары аймақта ASHYQ жүйесінде жасыл және көк мәртебесі бар адамдарға бизнес нысандарына кіруге рұқсат етілді. Ал қызыл аймақта – бизнес нысандарының толуын 70 пайызға дейін шектеу салынады, дегенмен балалардың ойын-сауық орталықтарында бұл шектеу алынып тасталды», - деді Айжан Есмағамбетова ҚР ДСМ ұйымдастырған онлайн дәрісте.

Сонымен бірге, бас мемлекеттік санитар дәрігер ел тұрғындары үшін қандай жеңілдіктер енгізілгенін түсіндірді.

«Ревакцинадан өткен немесе вакцинаның толық курсын алғанына 6 ай аспаса, елге келетін ҚР азаматтары ПТР тестілеу тапсырудан босатылады. Тағы да айта кетерлігі, корона-вирус науқасымен жақын қарым-қатынаста болған адамдардан КВИ ауыр белгілері анықталмаса, оларға үй карантині мен оқшаулау алынып тасталды», - деді А. Есмағамбетова.

Айта кетейік, Қазақстанда корона-вирусқа қатысты эпидемиологиялық жағдай жақсарып келеді. Стационарда ем алатын науқастар саны - екі есе, амбулаториялық жағдайда ем алатындар – 4 есе азайған.

ПЕШПЕН ЖЫЛЫТУДЫҢ ҚАУІПТІЛІГІ – УЛЫ ГАЗБЕН УЛАНУ

Адам өміріне орасан шығын әкелетін өрт оқиғасымен өрттен тараған көмір қышқыл газының улы екендігі айтылып, жазылғанымен өлде болса немқұрайлықпен қараудамыз Уланудың басты себебі тұрғын үйдегі пеш жүйесінің түтін құбыры және түтіңдігі күйеден тазартылмаған.

Қазіргі таңда ауданымызда 2021-2022 жылдардағы жылу беру маусымында тұрғын үй секторында Төтенше жағдайларды болдырмау, алдын-алу мақсатында ауқымды іс-шаралар атқарылып келеді. Атап айтсақ, жылу беру маусымы басынан ауданымызда 5000 жуық тұрғын үйге профилактикалық іс-шаралар жүргізіліп, өрт қауіпсіздігі ережелерінің бұзушылықтары анықталды. Бұзушылықтардың басым бөлігі жылыту пештердің қауқулығы, түтін құбыры мен мұржалары тазартылмаған, жылыту пештерінің алдына көлемі 0,5 х 0,7 м көлеміндегі металл қаңылтыр төселмеген, тоқ желілері жанғыш материалдың үстімен жүргізілген және т.б. Сонымен қатар, аудан орталығындағы тұрғындарға үйлеріңіздегі табиғи газды анықтайтын сигнализаторларды тоқ көзіне қосып, қалыпты жұмыс жағдайына келтірулеріңізді сұраймыз.

Сондықтан, осы кезде уланудың қауіпіне қарсы күрес жүргізіп оны болдырмаудың мүмкіндіктерін жасап отыруға тиіспіз. Ол үшін от жағу маусымы кезінде пештер мен басқа да жылу беру құралдарының қалыпты жұмыс жасауына ұдайы бақылау

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

ТАБЫЛ БЕКҚАЗЫҰЛЫ ҚҰЛИЯС

Қазақтың көрнекті сатирик жазушысы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш» өдеби сыйлығының лауреаты Табыл Құлиясов өмірден өтті.

Табыл Бекқазыұлы 1935 жылдың 15 желтоқсанында Ойыл ауданының Жетікөл ауылда дүниеге келген. Жас кезінде комсомолдық жолдамамен тың игеруге қатысқан, Ойылдың аудандық газетінде еңбек жолын бастаған. Қазақ мемлекеттік университетін бітірген.

1950 жылдан бастап республикалық «Пионер» журналы, «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан»), «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газеттерінде мақала, өлендері шығып тұрды. 1957 жылдан Ойыл аудандық «Еңбек туы», «Жаршы» газеттерінде аймақтық, республикалық басылымдар да очерктері жариялана бастады. «Көкшетау правдасы», Жамбыл облыстық «Еңбек туы» газеттерінде қызмет істеген. 1970 жылы республикалық телерадионың Торай, Ақмола облыстарындағы меншікті тілшісі, қазақ телевидениесінің насихат редакциясында редактор қызметін атқара жүріп, «Жебе» сатиралық журналын шығарды. Тұңғыш сатиралық кітабы «Кесілген бұрым» 1977 жылы жарық көрді. «Сауда сақал сипағанша», «Қоңыраулы күлі-грамма», «Жалмауыз», «Құйын», «Ақмылтық» (екі том), «Жеі» сатиралық кітаптары, «Шемен шер», «Дүние дұрған», «Ізет» сияқты очерктері, Жиенғали Тіленбергенов туралы «Аңыз ізімен» романы шықты. ҚЛЖО-ның Құрмет грамотасымен, «Тың игергені үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған.

Жазушының «Қанжоса ғасыр» туындысы туралы ғұлама жазушы Әбіш Кекілбайұлы: «Бұл шығарма әдеби тәсілдің жаңа қырымен көркем жазылып, бұрын-соңды оқушыларға белгісіз болған деректерді мәлім етуімен құнды» деп баға берген-ді.

Қаламгер жасы ұлғайған шағының өзінде тарихты жаңғырту, өткенімізді түгендеу бағытындағы ізденістерді тоқтатқан жоқ. Астанадан Орынбор мен Астраханьға, Барнауылға талай мәрте жол шекті, мұрағаттардан деректер жинастырды.

Журналистика саласында Б.Қыдырбекұлы атындағы сыйлықтың лауреаты атанған қаламы жүйрік Табыл Құлияс қоғамдағы келеңсіз құбылыстарды өткір тілмен түйіреп, қайраткерлігімен де танылды.

Ойыл ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері Табыл Құлиястың көптеген зерттеу еңбектері, публицистикалық мақалалары облыстық «Ақтөбе», аудандық «Ойыл» газеттерінде жарияланып, оқырмандарының жоғары бағасына ие болды. Ол, негізінен, басқа өңірлерде қызмет атқарғанымен, туған жерінен көк үзген жоқ. Туған жеріне ылғи да сағынышпен оралып, елдіктің, ізгілік пен жақсылықтың өңгімелерін қаламына арқау етіп жүрді.

Саналы ғұмырында қаламгерлік қайратын туған елінің рухани қажетіне, ізгілікті мақсаттарға арнаған Табыл Бекқазыұлының жарқын бейнесі оның артына қалдырған мол мұрасы, жадимызда ұзақ уақыт бойы сақталды.

Жерлестері атынан белгілі жазушы, сатирик, «Ойыл ауданының құрметті азаматы» Табыл Құлиястың қайтыс болуына байланысты отбасы мен ағайын-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

А.Қазыбаев, С.Займолдин, С.Сүлейменов, М.Айдарбаев, Е.Тілепов, Е.Жиеналин, С.Аманосов.

ЕСКЕ АЛУ

Ойыл ауданы, Қарасайұлы Аманқос (10.04.1942ж - 11.03.2021ж)

Кетіпсіз ғой бұл өмірден мәңгіге, О дүниені мекен қылып тұрақты. Өке деген асқар тауын, орманың, Өке деген жұбанышың, қорғаның! О, адамдар бар кезінде Өкені, Қадірлейік, өкініште болмағың! Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанды, Көнеміз ғой тағдырдың салғанына. Көзімізге ып-ыстық жас келеді, Өке, өзінді сағынып, еске алғанда. Қол жайып «Аумин» - деп бата оқып, Жүреміз талай барып қабіріңе! Мейіріммен жымиған күлкіңізді, Еске алып, мәңгілікке сағынамыз. Жатқан жерің, жан өке, жайлы болып, Сөуле шашып тұрсының қабіріңде! *Еске алушылар: зайыбы Зибаш, балалары, күйеу балалары, немерелері.*

27 ақпан 2022 жылы, сағат 11:00 де болатын Қарасаевтар әулеті әкеміз Аманқосың жылдық асына шақырамыз.

Мекен-жайы: Ойыл ауданы, «Зарина» кафесі

«Жолшы» бөбекжай-бақшасының ұжымы осы мекеменің жұмысшысы Қойбағарова Ботагөз Мырзалықызына өкесі **Мырзалының** кенеттен қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы, Ойыл аудандық ауруханасына қарасты Көсембай елді-мекенінің фельдшера Қожақова Бәтиге жолдасы **Мырзалының** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.



Жақсы істердің жаршысы болған жергілікті өлкетанушы, тарихшы Беркін Құрманбековтың туғанына 70 жыл толып отыр.

Ғалым-тарихшының арғы тегі Естек қырғыздың ішіндегі Ақкісі өулиеден тараған. 1952 жылы 1 қаңтарда Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы Жарқамыс аулында дүниеге келіп, 2012 жылы Ақтөбе қаласында 18 шілде күні дүниеден өткен тарихшы, өлкетанушы ғалым.

Әкесі Құрманбеков Жолмырза 1909 жылы дүниеге келіп, өмірден 1955 жылы қазан айының 12-інде өткен. Ұлы Отан соғысына қатысқан, кеңес қызметкері, ауыл шаруашылығы өндірісінің ұйымдастырушысы. СОКП мүшесі, оданнан кейін еңбек жолын Байғанин аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, шаруашылық мекемелерінде басшы қызметтерде болған азамат. Ол басқарған «Қызылөскер» колхозын «миллионер» етіп, өндірісін нығайту ісіне қосқан үлесі үшін «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, ҚКСР Жоғары Кеңесі Құрмет Грамоталарымен марапатталған. Анасының руы Төртқара, есімі Аймақтасық Ақмұншақ.

Беркін Құрманбеков Жолмырзаұлы 1968 жылы Байғанин ауданы Қарауылкелді поселкесіндегі Комсомолдың 30 жылдығы атындағы орта мектепті бітірген соң, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне түскен, 1973 жылы тарихшы, тарих – қоғам тану пәндерінің оқытушысы мамандығы бойынша бітіріп білім алған.

Қызметтік кезеңдеріне тоқталсақ, 1973 жылы Ақтөбе облысы, Қобда ауданы Новоалексеевка селосындағы қазақ орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастаған. 1974-1978 жылдары Қобда аудандық білім беру бөлімінің инспекторы, аға инспекторы және қоғамдық негізде мұғалімдер кәсіподағы аудандық Кеңесі президиумының төрағасы қызметін атқарған.

1978 – 1980 жылдары халық депутаттары Қобда аудандық Кеңесі атқару комитетінің ұйымдастыру – нұсқау бөлімінің меңгерушісі.

1980 – 1983 жылдары Қазақстан Компартиясы Қобда аудандық партия комитетінің үгіт насихат бөлімінің нұсқаушысы.

Жетісудағы көтеріліс туралы көп жазылып, зерттеліп, насихатталған. Ал Батыс Қазақстандағы өсіресе Ырғыз өңіріндегі көтеріліс өз дәрежесінде лайықты зерттеліп, тарихта насихатталмаған.

Беркін Жолмырзаұлы Құрманбековтің зерттеу еңбегінің құндылығы мен маңыздылығы, жаңалығы сол Ырғыздағы көтеріліс өзіне лайықты бағасын алып, өз дәрежесіне көтерілді. Ғылыми айналысқа енгізіліп тарихқа жазылған. Осы тұрғыда қосқан жаңалығы, үлесі. Патша үкіметі, Орынбор генерал губернаторы Ырғыз көтерілісінің көлемі ұлғайып, қамту өңірі мен қатысушылар санының өсуінен және Торғай көтерілісіне қосылып, үлкен белең алып кетуінен қауіптенген. Соған байланысты назар аударып, көтерілісті тез басу шараларын алуға мәжбүр болған. Сондықтан Ырғыздағы көтеріліс өзінің көлемі, ұйымдастырылуы жағынан патша үкіметінің назарында болған. Маңызы мен қауіп жағынан Қазақстандағы 1916 жылғы көтерілістердің ірісі және үкіметінің бірі болғандығын дәлелдеп көрсеткен. Рухани жаңғыру мен өткен аңандақты ашуды алғаш жасаған өлкетанушы.

Беркін Құрманбековтың ғылыми зерттеу еңбектерінде бұрын аттары аталмаған көтеріліс басшыларының аттары аталып жарияланған. Бұған олардың ұрпақтары риза болып, алғыстарын білдірген. Осы жұмысы мен жаңалығы үшін Беркін Құрманбековке тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми атағы берілген.

Екінші - Беркін Жолмырзаұлы бұрын-соңды ешкім бойлап бара қоймаған тың тақырыпта – Батыс Қазақстандағы жәрменкелердің даму тарихын зерттеу мен жазуды, Қазақстан тарихшылары арасында алғаш болып қолға алып, қалам тартқан тарихшы. «Ойыл – Көкжар», «Темір-Қарақамыс», «Ақтөбе», «Жеңірхан» жәрменкелерінің тарихын зерттеп, деректерін жинақтап, өр қайысына бөлек – бөлек кітаптар жазып артына ешпестей із, еңбектер қалдырған тұлға. Батыс Қазақстан бөлігінде сауданың дамуы және оған Әбілқайыр хан саясатының болғанын, өн мен күйдің, жыр мен жарыстың, қолөнердің отауы болып, өнердің дамуына әсер еткенін, өнер қайраткерлерінің жәрменкеде өнер көрсетіп, аттарының шығуына еңбегі сіңгенін көрсеткен тарихшы. Жәрмеңке тек экономикалық, тұрмыстық қатынас емес, халықтар арасындағы достық байланыстың өсуіне де жағымды әсері болғанын көрсеткен. Б.Құрманбеков жәрменкелер тарихын жазуы қазақ тарихына қосқан жаңалық үлесі, жаңа бағыты деп білуіміз керек.

Үшінші бағыты - тарихи тұлғаларды танытуда қазақтың атақты ұлдарының аттары совет үкіметі кезінде аталмады. Еңбектері көрсетілмеді. Оларды жас ұрпаққа білгізбеді. Тәуелсіздік кезінде олар жайлы зерттеуге, жазуға мүмкіндік туған кезде Б.Құрманбеков жақсы пайдаланған. Мысылы, мемлекеттік Думасына Қазақстаннан 12 депутат сайланған. Бірақ олар туралы ешқандай айтылмаған. Солардың үшеуін - Бақытжан Қара-

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директоры-Рейдатор Серікбай Қойбағаров

Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат

Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Ойыл

Газет аптасына бір рет шығады.

Таралымы 1642 таба. Тапсырыс №208

Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.

Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.

Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

АУЫЛДАСТАРЫНАН АЛҒЫС АЛҒАН ӘДЕМІ!

ЕЛБАСЫ Н.НАЗАРБАЕВТЫҢ «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ» МАҚАЛАСЫНДА БАСА АЙТЫЛҒАН «ТУҒАН ЖЕР» БАҒДАРЛАМАСЫН ҚОЛДАП, ЕЛЖАНДЫ, ЖҰРТТЫН СҮЙГЕН АЗАМАТТАР «ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЫМ» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА АУДАНЫМЫЗҒА КЕЛІП, ӨЗ КӨМЕКТЕРІН БЕРУДЕ.



Биыл елімізде «Балалар жылы» жариялануына орай, аудан орталығына жерлесіміз, «Дару» реабилитациялық медициналық орталығындағы балалар реабилитациясының меңгерушісі, жоғары санатты балалар невролог дәрігері, нейрореабилитолог Әдемі Демейова арнайы неврология дертімен ауыратын балаларға тегін бір күндік қабылдау жүргізді. Бір күн ішінде 81 баланы қарап, оның ішінде 14 бала оңалту орталығына, 20 бала тексерілуге, 12 балаға амбулаторлы ем алуға тиісті ем-домдарын тағайындап, 12 балаға психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жолдама берді.

«Әр шақыраған сайын құрметпен, құрақ ұшатын жерлестеріме рахмет. Уақыттың тығыздығына байланысты, бір күн болдым. Соның өзінде 80-нен аса бала қабылдауға

келді. Қазір балалар арасында неврологиялық диагноз көп. Ерте профилактикалық тексеріс, дер кезінде шара қолданудың нәтижесінде аурудың алдын алуға болады. Ата-аналар баланы оңалту орталығына уақытылы апаруын, үзбей ем алуын тапсырдым. Өз қолымнан келгеннің бәрін жасадым. Осы орайда еңбегімді бағалап, Алғыс хатпен марапаттаған Ойыл ауданының әкімдігіне, әр келген сайын жылы қарсы алатын Ойыл аудандық орталық аурухана ұжымына, әріптестеріме, халқыма рахмет айтамын.» Ауылдастың аты озын!» - деп отыратын осы елдің бір тілегіміз қызымын. Сіздерге амандық тіледім», - деп инстаграм әлеуметтік желісіне жазба қалдырды дәрігер.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

«ҰЛТ ТІЛІН ҰЛЫҚТАҒАН АҚЫН»

ӨТКЕН АПТАДА ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ КІТАПХАНАСЫНЫҢ «КОВОРКИНГ» ОРТАЛЫҒЫНДА «ТҮНГІ КІТАПХАНА» АЯСЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ, ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХАЛЫҚ АҚЫНЫ МҰХТАР ШАХАНОВТЫҢ 80 ЖАСҚА ТОЛУЫНА ОРАЙ «ҰЛТ ТІЛІН ҰЛЫҚТАҒАН АҚЫН» АТТЫ ӘДЕБИ САЗДЫ КЕШ ӨТКІЗІЛДІ.



Ақын поэзиясына алтын арқау болған тақырыптардың ізгі махаббат, шынайы сүйіспеншілік. Жылулар мен жарықтардың арасын жалғап келген бір өн бар, - деп ақынның өзі жырлағандай, оның көп өлеңіне өн де шығарылған. Көпшілікке танымал өлдердің сөзін жазған М.Шаханов екенін біле бермеуіміз де мүмкін. Бұл өндер: «Айналайын», «Гүлдеурен», «Өмір - өзен», «Кешікпей келем деп едің», «Ақ бантик», «Туған күн кешінде» және тағы басқа көпшілікке танымал өндер. Кешімізге ауданымыздағы «Балдырған» бөбекжай балабақшасының ұжымы қатыстырылды. Кеш барысында ақынның өмірі туралы айтылды және шығармаларының шығу тарихына шолу жасалды. Ақынның өлеңдерін балабақша директоры Мейрамгүл Қайырбекқызы өзі бастап оқып Фабит Қайырғалиұлы, Роза Абатқызы, Аиша Сағатқызы, білім бөлімінің әдіскері Әлия Рахқызы нақышына келтіріп оқып берді. Ақынның көп-

Ару ТЕЛЕУ,
Ойыл аудандық орталық
кітапханасының
жасөспірімдер әдіскері.

ЖАҚСЫ АДАМ ҒАНА ЖАҚСЫ ҰСТАЗ БОЛА АЛАДЫ

БҮГІНДЕ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА КӨП НӘРСЕ ӨЗГЕРДІ, ДЕГЕНМЕН МҒАЛІМ – ОҚУШЫСЫНА ҮЛГІ БОЛАТЫН ШЕБЕР БОЛЫП ҚАЛА БЕРМЕК. НАҒЫЗ ШЕБЕР ӨЗ ШӨКІРТІНЕ СЕНИМ БІЛДІРЕДІ, ОЛАРҒА АЛҒА ЖЫЛЖУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ, ӨСПІР-ЖЕТІЛУІНЕ ҰҚПАЛ ЕТЕДІ.ҮЗДІК МҒАЛІМ – ОЛ КЕЗ КЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІНІ ТІРЕГІ.



Ойыл қазақ орта мектебінің тарих пенінң мұғалімі Сисенғалиева Люба Хамитқызы – іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, өзіне төн ұстаздық өрнегін таныта білген шебер мамандардың бірі. Люба Хамитқызы - деңгейі жоғары кәсіби шеберлігі мен дүниетанымы терең, шығармашыл ұстаз. Ұстаз еңбегі де елеусіз емес. Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен және бірнеше мәрте облыстық, аудандық, мектеп-шілшік грамоталармен марапатталды. «Үздік жыл мұғалімі», «Жыл жетекшісі» байқауларының жеңімпазы. «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» күміс төсбелгі иегері. Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасы аясында бірінші деңгей бағдарламасы бойынша оқыту курстарын аяқтады. Ауданымыздың алғашқы кешбасшыларының бірі, мектеп тренери, педагог-зерттеуші.

2018 жылы Тұран университеті «Халықаралық педагогикалық шығармашылық пен ғылымның дамуын қолдау қоры» Қоғамдық қоры Абай Құнанбайұлының 75 жылдығына орай ұйымдастырған Республикалық пәндік олимпиада Қазақстан тарихы бойынша жеңімпазды дайындағаны үшін мадақтама. 2020 жылы «Халықаралық педагогикалық шығармашылық пен ғылымның дамуын қолдау қоры»Қоғамдық қоры Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай ұйымдастырған Республикалық «Үз-

дік педагог олимпиадасы-2020» І дәрежелі диплом. 2020 жылы «Өрлеу»біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының педагогикалық. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты «Туған жер өз батырын есте сақтайды» тақырыбындағы онлайн видео презентацияға белсене қатысқаны үшін Алғыс хат. 2020 жылы «Дарын Республикалық ғылыми-практикалық орталығы Қазақстан тарихы мұғалімдеріне арналған республикалық «Пед-Старт» қашықтық олимпиадасы» ІІІ дәрежелі диплом. Darin.online мен Gaztest.kz Іресубликалық «Кемеңгер ұстаз» олимпиадасы ІІІ дәрежелі диплом. 2020 жыл 12 қазан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында білім беру жүйесін дамытуға және білім беру сапасын арттыруға қосқан үлесі үшін Құрмет грамотасымен марапатталды. «Адамның адамшылығы - жақсы ұстаздан» - деп, ұлы Абай айтқандай, мұғалім тәрбиесі мен өнегесі оқушының болашақ азығы. Оқушылары республикалық, облыстық, аудандық сайыстардан жүлделі орындар алды. «Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту» тақырыбында шығармашылықпен жұмыстанып, оны үнемі сабақта қолдануда.

Мол тәжірибе жинақтаған ұстаз заман талабына сай икемделіп, қашанда тың ізденістерге ұмтылудан жалыққан емес, сондықтан оқушылардың пәнге деген қызығушылығын

оятуға, шығармашылық қабілеттерін оятуға бойындағы барлық күш жігерін жұмсап келеді. Люба Хамитқызының өткізген ашық сабақтары, өнеге сағаттары, сыныптан тыс тәрбие жұмыстары, семинар, конференцияларда көрсеткен тәжірибелері жоғары бағаланып, аудан мұғалімдер арасында кеңінен таратылып отырады. Сонымен қатар, Люба Хамитқызы бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы. Мектептегі қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. Ұжым ортасында беделді, адамгершілігі мол, мінезі ашық, жас мамандарға көмектесіп отырады. Ол адамгершілік, сыйластық деген ұғымдарды бірінші орынға қояды. Ұжыммен тіл табысқыш, ибалы, кішіпейіл, қарапайым ұстаз. Білімін үнемі жетілдіріп отыратын, білім мен тәрбиені ұштастырған ұлағатты ұстаз. Люба Хамитқызы-адам қасиеті мол басқаға қайырым тигізуден шаршамайтын, ұрпағының ертеңіне жол ашатын, шуағы мол шапағат иесі. Оның ой өрісінің кеңдігі, жоғары жұмыс қабілеттігі, кәсіптік мүддесінің жан-жақтылығы оны әріптестері мен оқушыларының құрметіне ие етеді. Өмірі өнегемен өрілген ұлағатты ұстаз, өзгеніңді ұл, қыз өсіріп отырған ардақты ана. Ұлы Мәдет Әл-Фараби атындағы университетті бітіріп, жұмыс жасаса, қызы Сағыншыл С.Асфендиярұлы атындағы медициналық университеттің ІІІ курсына оқиды.

Раушангүл ЖАЗИМОВА,
Қазақ тілі мен
әдебиет пәнінің мұғалімі.

Ойыл

Құттықтайық

Ойыл ауданы, Құрман көшесі 59 үйдің тұрғыны, Айболдың жары Бақтыбаева Ақгүлге

Беу, досым, құтты болсын қырығыңыз, 40-тың бақшасында қыдырыңыз. Берері аз болмасын бес күн жалған, Алқызыл гүлдей болсын ғұмырыңыз. Елу мен алпыста да нар болғайсың, Жетпіс пен сексенде де бар болғайсың. Тоқсанның төбесіне шыққан шақта, Немере-шөберелі қарт болғайсың. Тілек білдіруші: достары.

ТҰМАУ ЖӘНЕ ЖРВИ АЛДЫН-АЛУ



Тұмау – жасы мен жынысын талғамастан ауыратын, бөріне бірдей жұғатын ауыр вирустық инфекция. Оған өткір ринит, мұрынның бітуі және бронхты зақымдайтын қатаралды құбылыстармен сипатталатын белгілері тән.

ЖРВИ – адамзаттың ең кең таралған аурулары. Онымен жазда азырақ, қыста көбірек болса да, барлығы ауырады. ЖРВИ мен тұмауды туындататын вирустар мұрын мен тамақтан бастап, өкпеге дейін барлық жасушаларды зақымдайды. Бұл вирустардың көптеген түрлері бар: ең көп таралғаны - тұмау, ал «бейтанымал» түрлері - парогрипп, аденовирус, риновирус, реовирус және басқалары. Бұл вирустардың әрқайсысы бірнеше түрге бөлінеді. (парагрипп – 4, ал тұмаудың 10-ға жуық түрлері бар), сондықтан адамдар бір тұмаудың бірнеше вирустық түрімен сан рет ауруы мүмкін.

Негізгі белгілері:
ЖРВИ мен тұмау адамнан адамға жұғады:
-ауа тамшы арқылы

-тұрмыстағы қарым-қатынаста Тұмауды қалай анықтаймыз?
- жөтелдеді немесе тамағы ауырады
-бұпшық еттің ауруы
- бас ауруы,
- кенет дене қызуы көтерілуі
- дірілдеп-қалшылдау
- үйде науқасты оқшау ұстау керек

Егер нашар сезінсеңіз! – үйде қалып, дәрігер шақырыңыз!
Айналаңыздағы адамдарға жұқтырмаңыз!
ЖРВИ мен тұмаудың қорғандық бірден-бір жолы – алдын алу
- мезгілінде вакцина жасату
- қолды үнемі жуу
- дұрыс тамақтану
- сұйықтықты көп ішу, су, жеміс-жидек, көкөніс шырыны
- адамдар көп жиналған жерге бармау
- қоғамдық орындарда тыныс алу жолдарын (ауыз, мұрын) тұмшалау, беттерде тағу
- бөлмені жиі желдету, ауаны ылғалдау, күн сайын сумен жуып-шаю
- қүйзеліске түседен, қатты шаршап шалдығудан сақтану.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

АЛАЯҚТАР МЕССЕНДЖЕРЛЕРДЕ ЖАЛҒАН ХАБАРЛАМАЛАР ТАРАТУДА

Жаңа алаяқтық айла-шары пайда болды. БЖЗҚ салымшылары өздерін Қор қызметкеріміз деп таныстырған делдалдардан қолқа түскенін хабарлауда. Олар ақшасын төлесіз тұрғын үйге немесе емделуге зейнетақы жинақтарын алып беруге көмектесеміз деп үдөні үйіп төккен. Қордың 30-ға жуық салымшысы осы заңсыз өрекеттердің құрбаны болды.

Бұдан басқа, әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде жылжымайтын мүліктей зейнетақы жинақтары есебінен тұтыну кооперативтері немесе өзге де компаниялар арқылы сатып алу туралы жалған ақпарат таратылуда.

Зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын бөлігін тұрғын үй мен емделуге пайдалану мүмкіндігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген **үкілетті операторлар арқылы электрондық форматта** ғана іске асырылатынын еске саламыз.

Қазіргі уақытта зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсартуға пайдалануға өтініштер қабылдайтын үкілетті опера-

торлар: «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «Қазақстан Халық банкі» АҚ, «Алтын Банк» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ және «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ болып табылады. Ал зейнетақы жинақтарын емдеуге пайдалану үшін өтініш қабылдайтын бірыңғай оператор – «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ екенін естеріңізге саламыз.

БЖЗҚ тұрғындарға зейнетақы жинақтарын пайдалану үшін үшінші тұлғаларға жүгінібегуге, күдікті сілтемелер арқылы бейтаныс сайттарға өтпеуге кеңес береді, өрі ақпаратты тек eprf.kz сайтынан немесе БЖЗҚ-ның әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларынан ғана тексеруді ескертеді.

Атап кететін жөйт, БЖЗҚ-ның барлық қызметтерді (соның ішінде жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірмелер беру, шоттар ашу, зейнетақы жинақтарын басқарушы компанияларға аудару жөніндегі өтініш, деректемелерді өзгерту және т. б.) тегін ұсынылады!

ҚҰРМЕТТІ ОЙЫЛДЫҚТАР ЖӘНЕ АУДАН ҚОҢАҚТАРЫ! СІЗДЕРДІ «1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ» МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ОЙЫЛ АУЫЛЫНДА ӨТЕТІН МЕРЕКЕЛІК ШАРАЛАРҒА ШАҚЫРАМЫЗ!

№	Өткізілетін іс-шаралар	Өткізілу мерзімі	Өткізілу орны
1.	Шаңғы жарысынан Ойыл ауданының ашық біріншілігі	25 ақпан сағат: 9.30-16.00	Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің спорт алаңы
2.	«Рақмет, саған Отаным» бейнебаян	28 ақпан	@oiyl_madeniet Instagram әлеуметтік желі парақшасы
3.	«Алғысым шексіз өмірге» бейнебаян	1 наурыз	@oiyl_madeniet Instagram әлеуметтік желі парақшасы
4.	«Алғысым шексіз» акциясы	1 наурыз сағат: 9.00-18.00	Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі
5.	Үстел теннисінен аудандық XXII-ші Спартакиада	1 наурыз сағат: 09.30 –18.00	Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі
6.	«Бұл өлемді әдемі ету үшін, жақсы сөздер айтыңыз» тәрбие сағаттары	1 наурыз	Ауданның барлық білім беру мекемелері
7.	2022 жыл – Бала жылына орай «Жан жылуы» қайырымдылық акциясы	1 наурыз	Ойыл ауданына қарасты барлық ауылдық округтер
8.	«Алғыс айту – парызым» салтанатты мәдени шара	1 наурыз сағат: 16.00	Ойыл аудандық мәдениет үйі
9.	«Алғысым шексіз Халқыма» өзге ұлт өкілдерінің, «Жүректен жүрекке» оқушылардың ата-анасы, ата-әжелеріне, ұстаздарына, емделушілердің дәрігерлерге, тұрғындардың құқық қорғау қызметкерлеріне, жастардың туған жер еліне және т.б. алғыс айту бейнебаяндар чөлөнді	21 ақпан - 1 наурыз аралығы	Әлеуметтік желі парақшалары
10.	«Мейірім төгіп жүрейік» мәдени шара	1 наурыз	@oiyl_madeniet Instagram әлеуметтік желі парақшасы
11.	Тоғызқұмалақтан жарыс	3 наурыз сағат: 9.30-18.00	Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі
12.	«Алғыс айту - парызым» кітап көрмесі	1-3 наурыз	Ауданның барлық білім беру мекемелері

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ МОБИЛЬДІ АУДАРЫМДАРЫ БОЙЫНША ӨЛШЕМШАРТТАР ӘЗІРЛЕНДІ

Жеке тұлғалардың мобильді аударымдары бойынша өлшемшарттар әзірленіп, «Электронды үкімет» порталында ашық талқылау үшін жарияланды. ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінде банктер мәліметтерді бергенде қандай көрсеткіштерді ескеретіні жоспарланғаны туралы айтып берді, деп хабарлайды ҚазАқпарат. Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі «Жеке тұлғалардың банктік шоттарында жүргізілетін операцияларды кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудан кіріс алу белгілері бар операцияларды жатқызу өлшемшарттарын, екінші деңгейдегі банктердің және банк операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудан кіріс алу белгілері бар операцияларды жатқызылған жеке тұлғалардың банктік шоттарында жүргізілетін операциялар бойынша мәліметтерді ұсыну қағидаларын, нысаны мен мерзімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығының жобасын әзірледі. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудан кіріс алу белгілері бар операциялардың критерийлеріне мыналар жатқызылған: жеке тұлға 3 күнтізбелік ай қатарынан Банктік шотына ай сайын әр түрлі 100 және одан көп адамдардан ақша қаражаттарын алып отыруы. Салық кодексінің шеңберінде 2025 жылға дейін екінші деңгейдегі банктер мемлекеттік кірістер органдарына мәліметтерді жеке тұлғалардың мынадай санаттары бойынша кезек-кезеңімен берілетінін көздейді.



1-кезең. 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік қызметкерлер мен оларға теңестірілгендер және олардың жұбайлары (зайыптары) бойынша ақпарат беріледі.

2-кезең. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап бюджеттік мекемелердің қызметкерлері және олардың жұбайлары (зайыптары), квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлері және олардың жұбайлары (зайыптары), бойынша ақпарат беріледі.

3-кезең. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары және олардың жұбайлары (зайыптары), дара кәсіпкерлер және олардың жұбайлары (зайыптары) бойынша ақпарат беріледі.

4-кезең. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап халықтың қалған барлық санаттары бойынша ақпарат беріледі. 2023 жылы екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар 1-кезеңнің тұлғалары бойынша мәліметтерді ұсынуды жоспарлап отыр. «Бұйрық жобасы жеке тұлғалардың, адал салық төлеушілердің жеке аударымдарын қозғамайды және салық мониторингін жүргізу кезінде тиімділікті арттыруға. Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтау және салық төлеуден жалтарудың алдын алуға бағытталған», - деп атап өтті МКК-де.